

Баспасөз релизі

2013 жылдың I тоқсаны бойынша біріктірілген қаржылық нәтижелер туралы

2013 жылғы 29 мамыр

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі - Банк) 2013 жылдың I-ші тоқсанында қол жеткізген таза пайданың өсімі 14.6%-ға артып, 19.3 млрд. теңгеге жетті, активтер көлемі – 4.6%-ға, меншікті капитал – 4.8%-ға ұлғайды.

- Халық банкі үшін мерейтойлық болып табылатын биылғы жылдың бірінші қаржылық тоқсаны айтарлықтай жауапты кезең болды және біз одан сәтті өттік деуге болады, - деп атап өтті Басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова. – Бір жағынан, осы аталған кезең ішінде мемлекет тарапынан жаһандық мәні бар бастамалар, атап айтқанда, бірыңғай зейнетақы қорын құру, мемлекеттік БТА-Банк акцияларын сатып алу туралы ұсыныстар болғанын айта кетейік, бұл оқиғалар еліміздің жалпы қаржылық жүйесінің дамуына ғана емес, банк секторына қатысушылардың қызметіне де елеулі әсер ететіндігі белгілі. Сонымен қатар, бұл кезеңде Халық банкінің қаржылық тобына кіретін компаниялар жұмысының жандана түскендігі байқалды, Топ компаниялары өздерінің алдына Директорлар кеңесі мен акционерлер тарапынан қойылған Банктің еліміздің қаржы нарығындағы жетекшілік рөлін нығайта түсуді көздейтін кең көлемдегі ауқымды бизнес-міндеттерді жүзеге асыруды одан әрі жалғастыруда.

2013 жылдың үш айы ішінде клиенттерге берілген заемдардың нетто көрсеткіші 2.7%-ға артты, өтімді (ликвидті) активтер көлемі жалпы активтер көлемінің 30.6%-на дейін өсті. Клиенттер қаржысының мөлшері - 3.7%-ға, жеке тұлғалар қаржысы - 7.7%-ға, ал заңды тұлғалардың қаржысы - 0.9%-ға артты.

Құнсыздану резервінің есебіне бөлінгенге дейінгі таза пайыздық табыс көлемі 2013 жылдың 1-ші тоқсанында 2012 жылдың 1-ші тоқсанымен салыстырғанда 4.2%-ға артып, 23.5 млрд. теңгеге ұлғайды.

Құнсыздану резервіне бөлінетін қаржы көлемі 2013 жылдың 1-ші тоқсанында 2012 жылдың 1-ші тоқсанымен салыстырғанда 68.6%-ға азайды, бұл көрсеткіш Банкте құнсыздану провизиясы ауқымының жеткілікті деңгейде екендігін әрі несиелік қоржын сапасының тұрақтанып келе жатқандығын білдіреді.

Банктің транзакциялық бизнес ауқымының ұлғаюы нәтижесінде 2013 жылдың 1-ші тоқсанында 2012 жылдың 1-ші тоқсанымен салыстырғанда қызмет көрсетуден түскен табыс пен транзакциялық банкинг бойынша комиссия көлемі (зейнетақылық қордан және активтерді басқарудан түскен пайданы шегергенде) 22.1% пайызға артты.

2013 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша шығарылған Банктің борыштық бағалы қағаздары, негізінен, 300 млн. АҚШ доллары, 500 млн. АҚШ доллары, 700 млн. АҚШ доллары және 500 млн. АҚШ доллары сомасында шығарылып, тиісінше - 2013 жылдың мамыр айында, 2013 жылдың қазанында, 2017 жылдың мамырында және 2021 жылдың қаңтар айында бір уақытта өтелуге тиіс еврооблигациялардың төрт шығарылымын құрайды.

2013 жылдың 13 мамырында Банк өзінің айналымдағы еврооблигацияларының сомасы 270 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі бір шығарылымын толығымен өтеп болды, купондық мөлшерлеменің жылдығы бұл ретте 7.75%-ды құрады. Облигацияларды өтеу Банктің өз қаржысы есебінен, баланста бар өтімділікті пайдалану арқылы жүргізілді.

Меншікті капитал көлемі 2013 жылдың 1-ші тоқсанында алынған таза пайданың есебінен, 2012 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда, 4.8%-ға ұлғайды.

2013 жылдың 15 мамырында өткізілген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Банктің қарапайым акцияларын иеленушілерге 12,221 млн. теңге көлемінде (немесе бір қарапайым акция үшін 1.12 теңге) және артықшылықты акциялар иелеріне 2,241 млн. теңге мөлшерінде (немесе бір артықшылықты акция үшін 11.2 теңге) дивиденд төлеу жөнінде шешім қабылданды.

2013 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша бірінші деңгейлі капитал жетімділігінің реттеуші коэффициенттері (k1-1 және k1-2) және k2 деңгейлі капитал жетімділігінің коэффициенті - тиісінше 10.6%, 12.9% және 15.4%, болды (2012 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша бұл көрсеткіштер тиісінше 8.4%, 10.2% және 15.4% болған). Базель нормативтеріне сәйкес есептелген бірінші деңгейлі капитал жетімділігінің коэффициенті және жалпы капитал жетімділігінің коэффициенті 2013

жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша тиісінше 16.6%-ға және 18.5%-ға артты (2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл көрсеткіштер тиісінше 16.2% және 18.3% болған).

2013 жылдың 31 наурызында аяқталған 3 айдың аралық қаржылық есептемесі туралы барлық ақпаратқа (ескертпелерін қоса алғанда) Банктің веб-сайтынан қол жеткізуге болады:

<http://www.halykbank.kz/contents/index/type:invReport/lang:rus>

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттерінің базасы мен Қазақстан бойынша кеңейтілген филиалдар желісі жағынан еліміздің қаржы нарығындағы жетекші қаржылық топ әрі бөлік қызмет түрлерін ұсынушы жетекші банк болып табылады. Банк халыққа, оның ішінде жеке тұлға-клиенттерге және шағын және орта бизнес өкілдеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге алуан түрлі қаржылық қызмет ауқымын (банктік қызметтер, зейнетақылық жинақ, сақтандыру қызметі, лизинг (жалға беру), брокерлік-дилерлік қызмет, активтерді басқару қызметі) ұсына отырып, амбебап қаржылық топ ретінде дамып келеді. Халық Банкі сондай-ақ өзінің Ресейдегі, Грузиядағы және Қырғызстандағы еншілес құрылымдары арқылы да банктік операцияларды жүзеге асырады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
тел. +7 727 2 590 816,
www.halykbank.kz

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

Шағын және орта бизнес. ШОБ бойынша 2013 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындысы бойынша жалпы сомасы 43.3 млрд. мөлшерінде заем берілді, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі көлемнен 11.3%-ға (38.9 млрд. теңге) артық. Бұл көрсеткіш шағын және орта бизнес қызметінің белсенділігі арта түскендігінің куәсі. Тұтастай алғанда, есептік кезең ішінде шағын және орта бизнес бойынша проблемалы несиелік берешек көлемінің азайтылу үдерісі байқалды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Халық Банкі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қатысуы мақұлданған Банк заемшыларына аударылған субсидиялар көлемі мен несиелік портфель ауқымының көрсеткіштері бойынша көш бастап отыр. Аударылған субсидиялық қаржы көлемі жағынан Банк 15.9% үлестік көрсеткішпен жетекші орында келеді. Несиелік қоржын көлемі бойынша Халық банкінің үлесі «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына қатысушы жалпы ЕДБ клиенттерінің несие қоржыны ауқымының 17.4%-н құрайды, бұл – аталған бағдарламаға қатысушы ЕДБ арасындағы екінші көрсеткіш болып табылады. Жалпы алғанда, субсидияланатын жобалар құрылымы ішінде өңдеу өнеркәсібінде, көлік секторында және агроөнеркәсіп кешенінде әрекет етуші жобалар басым болып отыр. Банкте қарастыру үшін қабылданған және Өңірлік үйлестіру кеңесі мен Экономикалық даму және сауда министрлігі мақұлдаған жобалар саны жағынан да «Қазақстан Халық Банкі» АҚ көшбастаушылар санатында тұр.

2013 жылғы 05 сәуірдегі жағдай бойынша «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на 500 өтінім келіп түсті, өтінімдердің басым көпшілік саны Алматы, Ақтөбе, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында қабылданды және олардың 483-і Банк комитетінде мақұлданды.

Бүгінгі күні аталған Бағдарлама аясында 300 жоба бойынша субсидиялық қаржы түсуде.

Бөлшек бизнес. Жаңа өнімдер және қызметтер. 2012 жылы іске қосылған «Халықтық» және «Зейнетақылық кредит» бағдарламалары бойынша кепілсіз кредит беру акциясы өз жалғасын табуда. 2013 жылдың 1-ші тоқсанында жалақылық жобаға қатысушыларға «Халықтық» және «Зейнетақылық кредит» бағдарламалары шеңберінде кепілсіз кредит беру бойынша несиелік портфельдің өсімі 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 32%-ға артты. Аталған бағдарламалар аясында берілген заемдар көлемі 2012 жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштен 46%-ға ұлғайып, 38.8 млрд. теңгені құрады.

Ипотека. Кредит берудің ипотекалық бағдарламалары бойынша Банк ЕДБ нарығындағы айтарлықтай бәсекелестік көрсеткішті ұстануда. 2013 жылдың 1-ші тоқсанында берілген ипотекалық кредиттер көлемі 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 47%-ға артып отыр.

Жалақылық жобалар.

Банктің стратегиялық негізгі қызмет түрлерінің бірі жалақылық жоба болып табылады. Банктің карточкасы бойынша еңбек жалақысын алатын клиенттер саны жағынан Халық банкі жетекші орында тұр. 2013 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындысы бойынша жалақылық жобаға қатысушы ұйым-мекемелер санының өсімі 2012 жылдың 1-ші тоқсанымен салыстырғанда 6% болды, есепке алынған көлем бойынша өсім 2012 жылдың 1-ші тоқсанымен салыстырғанда 13.5%-ды құрады.

Төлем карточкалары. Өз клиенттеріне тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін төлем карточкаларымен қызмет көрсету желісін (банкоматтар, POS-терминалдар, банктік терминалдар) кеңейте түсу және карточкамен қызмет көрсетуді одан әрі дамыту бағытындағы жұмысты жалғастыра береді. Мәселен, 2013 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша, Халық банкінің банктік терминалдарды орналастыру бойынша жүргізген жұмыс үлесі 34,4 %-ды, POS-терминалдар бойынша – 22.8%-ды, банкоматтар бойынша үлесі – 21.9%-ды құрады.

Инновациялық жобалар. Үстіміздегі жылдың сәуір айында «Қазақстан Халық банкі» АҚ «Pay-Me Kazakhstan» ЖШС-мен бірлесе отырып, «Pay-Me» пилоттық жобасын іске қосты.

Pay-Me – мобильдік төлем терминалдарының базасы негізінде эквайринг ұсынатын сервис түрі. Мобильдік төлем терминалы смартфонға немесе планшетке қосылатын ридерге негізделген. Ридер карточканың магнит жолағынан /чиптен мәліметтерді оқу үшін және оларды смартфонға шифрленген түрде беру үшін арналған. Одан әрі смартфондағы немесе планшеттегі арнайы орнатылған қосымша

алынған ақпаратты агрегаторға (Pay-me) жібереді, ал агрегатор өз кезегінде оны Банкке транзакцияны өңдеу үшін жібереді. Бұл кезеңде жобаға мынадай компаниялар қатысады:

- «Gulser Computers» (Alser Computers) ЖШС интернет дүкені – сатып алынған тауар үшін курьерге төлем карточкасынан ақы төлеу
- Такси командирі – такси қызметі үшін карточкамен ақы төлеу
- «Қазақхестрах» АҚ – сақтандыру полисі үшін агенттен төлем карточкасымен ақы төлеу.

Бұл шешім стационарлық POS-терминалдан гөрі арзанға түседі, ауқымды таратылуы оңай және пайдалану үшін қолайлы. Терминалдарды қазірдің өзінде Visa және MasterCard карточкалары пайдалана алады (American Express карталары да оқи алады деп күтілуде).

Зейнетақылық төлемдер.

Халық банкі зейнетақылық төлемдердің 53%-на қызмет көрсету арқылы мемлекеттік бюджеттен жүргізілетін төлемдер бойынша негізгі оператор ретінде қалып отыр. Бүгінгі күні зейнетақысын Халық банкі арқылы алатын клиенттердің жалпы санының 66%-ы төлем карточкасымен қызмет көрсетуге ауыстырылды.

Серіктестермен бірлесіп жүргізілетін акциялар.

2013 жылдың сәуір айында «Кар-Тел» ЖШС (Қазақстандағы сауда белгісі – Beeline) мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бірлесе отырып, жаңа өнімді – Visa халықаралық төлем жүйесінің платформасы негізінде «Magic Card» кредит карточкасын іске қосты. Бұл карточканың бірқатар артықшылық белгілері бар. «Magic Card» карточкасын сатып алу арқылы клиенттер сауда және сервис орындарында кредитпен 50 күн бойы пайызсыз пайдалана алады әрі өз қалауына мынадай бонустық пакеттің бірін алуына болады:

1. Beeline өз желісі бойынша тегін 1000 минут,
2. Beeline желісі бойынша 500 Mb мобильдік интернет және 500 бірлік sms,
3. 1 Гб мобильдік интернет.

«Налык» бонус клубының серіктестері болып табылатын компанияларда «Magic card» карточкаларымен ақы төлеу арқылы карточка иесі жасалған сауда құнынан пайыздық бонус алады, бұл бонустар одан әрі карточка есебіне салынады. Жинақталған бонустармен кез келген Beeline абоненттік шотын толықтырып отыруға болады.

Beeline компаниясының «Жаса!» клубына қосыла отырып әрі мобильдік телефондағы балансты кредит карточкасының көмегімен толықтыру арқылы карточка иесі ай сайын «Жаса!» клубынан 100 бонустық баллға ие болады.

«Жаса!» клубының жинақталған баллдарын клиент тегін сөйлесу минуттарына, sms-хабарларына және интернетке айырбастауына болады, сондай-ақ Beeline компаниясы ұсынатын әр түрлі қызметтерді пайдалану үшін «Magic Store» жеңілдікті купондарын сатып алуына болады.

Бұған қосымша ретінде, клиент ай сайынғы комиссиясыз, «All» пакетімен мобильдік банкінг қызметіне – карточка бойынша операциялар туралы ұялы телефонға автоматты түрде хабарлама алу қызметіне қосыла алады.

НАЛЫК Бонустық клубы.

НАЛЫК бонус клубын одан әрі дамыту бойынша жұмыс жалғасуда. Бұл бағдарлама Банк карточкаларын иеленушілерге карточкамен ақы төлеген кезде бонустар алуға және жинақталған бонустарды одан әрі клуб серіктестері - сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарының желісінде тауарлар /қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу үшін пайдалануға мүмкіндік беретіндігі белгілі. Қазіргі уақытта НАЛЫК бонустық клубы серіктестерінің саны 1 400 бірлікке жақындады. Банк өз серіктестерімен бірлесіп карточка иелеріне көтеріңкі бонустар беруге бағытталған бірнеше акция өткізді.

Байланыс орталығы.

Клиенттерге ыңғайлы болу үшін Банк ұсынатын қызметтер ауқымын ұдайы ұлғайтып отырады. Бүгінгі күні Банк клиенттері шоттар бойынша ақпарат алу үшін, сондай-ақ карточканы қайта шығару үшін Байланыс орталығына жүгіну мүмкіндігіне ие болды, бұл ретте Байланыс орталығының операторы өтінімді қабылдап, дайын карточканы алу үшін қайда келу керектігін хабарлайды.

Банк **CRM** атты жаңа бағдарламалық жасақтаманы (БЖ) қолданысқа енгізуді сәтті іске асырды. Бұл жасақтама Банк пен клиенттің өзара байланысының тарихын сақтауға, клиент туралы ақпаратты іздеу уақытын қысқартуға, клиенттердің жеке сұраныстарын ескеруге, сондай-ақ менеджердің жұмыс уақытын ұйымдастыруға және оның жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұның нәтижесінде

клиенттерге барынша жоғарғы сапалық деңгейде қызмет көрсетуге мүмкіндік жасалады. Бұл бағдарламалық жасақтама банк бөлімшелерінің барлығында қолданысқа енгізілген және заңды тұлға-клиенттермен, сондай-ақ бөлшек бизнес клиенттерімен жұмысты ұйымдастыратынын атап өту керек.

Қашықтан жүргізілетін сатылымдар арнасын дамыту. Банк қашықтан жүргізілетін сатылымдар арнасы бойынша ұсынылатын қызметтер ауқымын ұдайы кеңейте түсуде. Атап айтқанда, 2013 жылдан бастап «Интернет-банкинг» жүйесіне және банктік терминалдарға www.aviabilet.kz сайтында on-line режимінде бронь жасалған авиабилеттерге ақы төлеу қызметін қосу мүмкіндігі пайда болды.

Жекелеген мемлекеттік қызметтер түрін ұсынуды оңтайландыру және автоматтандыру жобалары аясында Банк электрондық үкіметтің төлем шлюзімен интеграциялануды жүзеге асырды. 2013 жылдың қаңтар айында төлем карточкасын иеленушілердің өтінімдері бойынша «электрондық үкіметтің» egov.kz. web-порталынан бюджетке төлем қабылдау қызметі іске қосылды

Өңірлік желіні дамыту. 2013 жылдың басынан Алматы (Арнаулы МАИ ХҚО жанындағы бөлімше) және Астана (Самұрық ғимаратындағы № 7 ДСО) қалаларында Банктің жаңа бөлімшелері ашылды.

2013 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша сатылым арналарының жалпы саны 554 бірлікті құрады, оның ішінде 22 облыстық және өңірлік филиал, 122 аудандық басқарма және 410 есеп айырысу-касса орталығы бар (359 бөлімше, 4 VIP-орталық, 47 ДСО (дербес сервис орталығы), оның 221-і электрондық NEMO-Q кезек жүйесімен жабдықталған.

Банк бұрынғысынша еліміздегі барынша кең таралған өзіне-өзі қызмет көрсету желісін иемденіп отыр. 2012 жылдың бірінші жартысында Банкте банкоматтардың жаңа партиясы сатып алынған болатын. 2013 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша банкоматтар саны – 1900 дана, банктік терминалдар саны - 590, сауда орындарындағы және әртүрлі тауарлар сату мен қызметтер көрсету пунктеріндегі және банктердегі POS -терминалдар саны - 5.5 мың данадан асты.